


Ақын, журналист Мұрат Жүнісұлы жайлы сыр

Өмірде бір адамдар болады, еткен еңбегі көп, бірақ еленуі аз. Өссем, өркендесем деп емес, өсірсем, өркендетсем деп өмір сүретін. Үнемі өзінің бағын емес, елінің бағын ойлап, ел игілі үшін пайдамды тигізсем дейтін. Біздің Торғай даласы ондай азаматтарға кенде емес. Солардың бірі, тіпті бірегейі, ақын, журналист – Мұрат Жүнісұлы. Ол кісі желтоқсан айының 23-ші жұлдызында 55 жасқа толды.



Отызында орда бұзып, қырқында қамал алып, елуінде ел ағасы бола білген Мұрат Жүнісұлы қаламыздың дамуы үшін ерен еңбек сіңірді. Өзге елде ұлтан болмай, өз елінің сұлтаны атанған ағамыз, елде отырып талай қызметте жүрген мамандардың, мекемелердің, мәдени ошақтардың жетістігін өзгеден қалыспасын деп, жұртпен жарыса жазды. Қаламызда ашылған нысандар мен өткізілген мәдени іс-шаралардың қысы-қасында жүріп, газет беттеріне жариялады. Қысқасы қай жерден жақсы хабар жетсе, ағамыз сол жерден табылды. Журналистика саласынан бөлек ол кісінің ел біле бермейтін қырлары да жетерлік.

Театр қойылымдарының сценарийін жазды, «Мысқылхана» әзіл-ысқақ отауының авторы. Қаламыздағы Қазақ жасөспірімдер театрында «Бақыт іздеген бала», «Күлқыз», «Зәулім үй», «ЕрТөстік» сынды ағамыз жазған қойылымдар көрсетіліп жүр. Театрдағы әріптестерінің айтуы бойынша ол кісі жазған сахналық қойылымдар көрермен көңілінің шырайы, әрі сұранысына ие.

Ақындық дарыны да бір төбе. Туған даласының топырағын, көлін, орманын отты жырымен маздатып, мақтанышпен жазып келеді. Ағамыздың сөзіне жазылған «Арқалығым - арай

бағым» атты әні де елдің назарында жүр. Мәдениет пен өнердің әрі тіл жанашырына айналған ағамыз «Арқа дидары» телеарнасының бас редакторы да болды. Телеарнада жүріп талай шәкірт тәрбиеледі. Бүгінде балапаннан баптаған шәкірттері облыстық, республикалық БАҚ – да жемісті еңбек етіп жүр.

Облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілшісі. Жалпы өлкеміздегі түрлі редакцияларда қызмет атқарған ағамыз елге танымал талай қаламгер азаматтармен бірге жұмыс жасап, солардың қасиетін бойына дарыта білді. Осыдан соң ағамыздың қала мәртебесін асқақтатуға қосқан еңбегі жоқ деп қалай айтуға болады. Осындай жанашырлығын көріп, жақсылығына сүйсінбеске жарамас. Әрі ақын, журналист, аудармашы, сценарист, сықақшы, ұстаз азаматтан алар өнегеміз көп.

Мерейлі жасқа келген ағамызды мұражай ұжымының атынан жаңа жасымен құттықтай отырып, сарқылмас шығармашылық қуат, барлық бастамалар мен жоспарларыңыздың жүзеге асуын, сондай-ақ табыс, зор денсаулық, қуаныш пен бақыт тілейміз!

Ернұр ӘУЕЗХАН,
Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының ғылыми қызметкері.